

Мусина Жания

құқықтану магистрі, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратура жанындағы
Құқық қорғау органдары Академиясының докторанты, Астана қаласы.
mr.mussin@mail.ru, +7 777 700 57 00,

ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДА МҮЛІКТІ ТӘРКІЛЕУ ЖАЗАСЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ШЕШІМІН ТАППАҒАН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада автор 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексіндегі мүлікті тәркілеу жазасын талдауға арналған мақаласында автор жаңартылғын мүлікті тәркілеу шарасы өз бойына қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркіледің, қауіпсіздік шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің және арнайы тәркілеудің қасиеттерін біріктіріп отыр деген қорытынды жасайды. Осыған орай мүлікті тәркілеудің мақсаты, қолданудың негізі, мүлікті тәркілеу жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрі, сотталған адам басқа адамдардың меншігіне беріп қойған мүліктің тағдыры туралы мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын ұсынады.

Резюме. В статье, посвященной анализу наказания в виде конфискации имущества в Уголовном кодексе РК 2014 года, автор приходит к выводу, что обновленная конфискация имущества вобрала в себя свойства конфискации как дополнительного наказания, конфискации как меры безопасности и специальной конфискации. В этой связи поднимаются проблемные аспекты целей конфискации имущества, основания ее применения, видов уголовных правонарушений, за которые может быть назначена конфискация имущества, судьбы имущества, переданного осужденным в собственность других лиц, предлагаются пути их решения.

Resume. In an article devoted to the analysis of the penalty of Property Confiscation in the Criminal Code of Republic of Kazakhstan 2014, the author concludes that the updated property confiscation absorbed confiscation of property as an additional penalty, as a security measure and a special confiscation. In this regard raised the problematic aspects of the confiscation of property, the grounds of its application, the types of criminal offenses, for which one can be assigned to the confiscation of property, the fate of the property transferred to the ownership of other people by convicted persons, offers solutions.

Мүлікті тәркілеу отандық құқық қолдану тәжірибесінде жиі қолданылатын жаза түрлерінің бірі болып табылады. Мысалы, республика көлемінде 2013 жылы мүлікті тәркілеу жазасы 4 408 адамға (16,4 пайыз) тағайындалса, 2014 жылы 4 206 адамға (16,8 пайыз) тағайындалған [1]. 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің мүлікті тәркілеу туралы бабы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетіндіктен, аталған үрдіс сол уақытқа дейін сақталып қалар. Бұдан кейінгі кезеңде мүлікті тәркілеу жазасын қолдану тәжірибесінде ірі бетбұрыстар орын алары сөзсіз.

Өзге де мүліктік жазалар (айыппұл, түзеу жұмыстары) сияқты мүлікті тәркілеу азаматтардың меншік құқығын мәжбүрлеп шектеумен ұштасады. Осыған орай «демократиялық құндылықтарды дәріптейтін мемлекетте қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзған адамға жауап шара ретінде оның меншік құқығын мәжбүрлеп шектеуге жол беруге бола ма?» деген сұрақ жиі көтеріледі. Меншік құқығы азаматтардың өзге де құқықтары сияқты ҚР Конституциясымен баянды етілген (26-бап). Дегенмен, ҚР Конституциясында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу негізі ретінде «консти-

туциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсаты» аталған (39-бап). Мүлікті тәркілеу жазасының мазмұнын құрайтын меншік құқығын шектеу нақ осы мақсаттарға бағытталған. Демек, жаза аясында қылмыстық-құқықтық тыйымды бұзған азаматтардың өзге де субъективтік құқықтарын (мысалы, бас бостандығы, тіпті өмірі) шектеу қаншалықты орынды болса, мүліктік шектеулер де соншалықты орынды.

Мүлікті тәркілеу туралы қылмыстық-құқықтық норманың эволюциясы отандық заңшығарушының сотталған адамның меншігін тұтастай немесе ішінара тәркілеу тәжірибесінен біртіндеп бас тартып, қылмыстық жолмен алынған табыстарды, қылмыс қаруы немесе құралы болған заттарды тәркілеу бағытына қарай «ығысып» бара жатқанын көрсетеді. 2014 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінің 48-бабында мүлікті тәркілеу «сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің

меншігіне айналдыру» деп анықталады.

Қазақстандық заңшығарушының мүлікті тәркілеу жазасының мазмұнының қайта қарауына себепші болған уәждердің қатарында мыналарды атауға болады: ескі нысандағы мүлікті тәркілеу а) халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларына, Конституцияға, адам-сүйгіштік және әділдік қағидаттарына қайшы келеді; ә) азаматтарды заңды негізде жинаған мүлкінен айырады; б) бұл жаза кінәлі адамның өзіне емес, оның отбасына қарсы бағытталады; в) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың қоғамға қайта бейімделуін айтарлықтай қиындатады.

Мүлікті тәркілеу жазасын талдағанда тәркілеудің объектісін (кейде «тәркілеудің заты» деп те атайды) анықтау мәселесі туындайды. Заңға сай ол – «сотталған адамның меншігі болып табылатын мүлік». ҚР Азаматтық кодексінің 115-бабына сай азаматтық құқық объектілерінің түрлері ретіндегі мүлікке (мүліктік игіліктер мен құқықтарға) мыналар жатады: заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, қаржы құралдары, жұмыс, қызмет, шығармашылық-интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары, мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік.

Мүлікті тәркілеу жазасының объектісі ретіндегі «мүлік» азаматтық-құқықтық мағынадағы «мүлік» ұғымымен тұспа-тұс келмейтіні бірден көзге ұрып тұр. Қылмыстық заңнамадағы мүлікті тәркілеу туралы нормада мүлікпен қатар «ақша», «табыс» ұғымдарының қолданылуы қылмыстық-құқықтық мағынадағы мүлік азаматтық-құқықтық мағынадағы мүліктің тек бір бөлігі болып табылатын заттар мен ақшаны (шетел валютасын қоса санағанда) ғана қамтитынын көрсетеді. Цивилистикада заттар деп «қатты, сұйық және газ күйінде болып, азаматтық айналымға тауар түрінде түсетін материалдық-тәни субстанция» [2; 4] түсініледі.

Тәркілеу объектісі ретіндегі «ақша» қолма қол да, қолда жоқ та, сондай-ақ электронды (кибер) ақша да, отандық немесе шетел валютасында да болуы мүмкін. Тәркілеу объектісі ретіндегі «табыс» экономикалық мағынадағы табыс ұғымынан ерекшеленеді. Экономикалық мағынада табыс деп шығыстар мен кірістердің арасындағы айырмашылықты құрайтын таза пайда түсініледі. Ал тәркілеу кезінде сотталушының шығындары есепке алынбайды, оның қолына түскен сома толығымен тәркіленеді.

2014 жылғы ҚР ҚК 48-бабында бекітілген тәркіленуге жататын мүліктің тізімін талдау

жаңартылғын мүлікті тәркілеу шарасы өз бойына мүлікті тәркілеудің отандық және шетелдік тәжірибеде бұрыннан белгілі бірнеше дербес түрлерінің қасиеттерін біріктіріп отырғанын көрсетеді:

1) қосымша жаза ретіндегі дәстүрлі мүлікті тәркілеу;

2) арнайы тәркілеу;

3) қауіпсіздік шарасы (жазадан өзге қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы) ретіндегі мүлікті тәркілеу.

Тәркілеудің бұл түрлері бір-бірінен тәркілеу объектісімен және тәркілеу тәртібімен ерекшеленеді.

Қосымша жаза ретіндегі мүлікті тәркілеудің объектісі – қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс; қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған ақша және өзге мүлік.

Арнайы тәркілеудің объектісі – қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын ақша және өзге мүлік. Экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған ақша және өзге мүлік те іс жүзінде қылмыс жасау құралы болып табылатындықтан, біз оларды да арнайы тәркілеудің объектісіне жатқызамыз.

Тәркілеудің үшінші түрінің объектісі жоғарыда аталған мүліктің кез-келгені бола алады. Қауіпсіздік шарасы ретіндегі мүлікті тәркілеудің тәркілеудің алдыңғы екі түрінен басты айырмашылығы – бұл шара үкім шығарылмаған істер бойынша қолданылады. Мүлікті тәркілеуді қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолдану мүмкіндігі ҚР ҚК 48-баб. 4-бөлігінде көзделген. ҚР ҚПК 15-бөліміне сай тәркілеудің осы түрін қолдану қажеттігі айыпталушыға халықаралық іздестіру жарияланған немесе оған қатысты қылмыстық қудалау ҚР ҚПК 35-баб. 3), 4) және 11) тармақтары негізінде тоқтатылған жағдайларда пайда болады (ҚР ҚПК 667-бабы). Мүлікті тәркілеуді қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолдану туралы шешім мүліктің заңсыз жолмен алынғаны туралы жеткілікті дәлелдемелер болған жағдайларда тек қана сот қаулысымен шығарылады.

Осы орайда айта кететін бір жайт, отандық қылмыстық заңнамада «қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының» мәртебесі айқындалмаған. Егер ҚР ҚК 2-баб. 2-бөлігін басшылыққа

алсақ, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының негізгі түрін жаза құрайтынына, ал оның басқа түрлерін заңшығарушы «өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары» деген жинақтаушы ұғыммен атайтынына көзіміз жетеді. Заңнамада бұл шаралардың үйлесімді жүйесі жоқ. Ғалымдар дәстүрлі түрде өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының қатарына тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын және шартты түрде соттауды жатқызады. Айтылғандар тұрғысынан «мүлікті тәркілеуді ҚР ҚПК 15-бөлімінде көзделген жағдайларда қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолдану дегеніміз не?» деген негізді сауал жауапсыз қалады. Үкім шығарылмаған істер бойынша қолданылатын мүлікті тәркілеу шетел тәжірибесінде «қауіпсіздік шарасы» деп аталады.

2014 жылғы Қылмыстық кодекстің мүлікті тәркілеу жазасын реттейтін нормасы 2014 жылғы Қылмыстық-процестік кодекстің заттай дәлелдемелердің тағдырын реттейтін нормасымен үйлеспейді. ҚР ҚПК 118-баб. 3-бөл. 1 және 4-тармақтарына сай «қылмыстық құқық бұзушылық құралы сот тәртібімен тәркіленуге жатады немесе тиісті мекемелерге белгілі бір тұлғаларға беріледі немесе жойылады», «қылмыстық жолмен жиналған ақша және өзге де құндылықтар, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерліктің және контрабанданың нәрселері соттың шешімі бойынша мемлекеттің кірісіне айналдырылуға жатады; қалған заттар заңды иелеріне беріледі, ал иелері анықталмаған кезде мемлекеттің меншігіне өтеді». Аталған жағдайлардың біріншісінде «қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралын» тәркілеу туралы айтылып тұрса, екінші жағдайда басқа тілдік құралдардың көмегімен «қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс немесе олар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған мүлікті» тәркілеу туралы сөз болып отырғаны күмән туғызбайды. Қылмыстық заңнамада сотталған адамның меншігі болып табылатын кез келген мүлікті тәркілеу мүмкіндігі көзделген тұста қылмыстық-процестік заңнамада заңсыз жолмен табылған мүлік пен қылмыс қаруы мен құралын мемлекет пайдасына айналдыру мүмкіндігінің көзделуі қисынды еді. Ал қылмыстық заңнамада мүлікті тәркілеу жазасының заты ретінде тек қана заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік пен қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы аталған

жағдайда қылмыстық-процестік заңнама материалдық қылмыстық құқық нормаларымен сәйкестендірілуі керек деп санаймыз.

Жаңа заңнамадағы мүлікті тәркілеу шарасының өз бойына мүлікті тәркілеудің дербес, бір-бірінен ерекшеленетін үш түрін (қосымша жаза, арнайы тәркілеу, қауіпсіздік шарасы) біріктіруі күн тәртібіне бірқатар күрмеуі қиын мәселелерді алып келді.

Бірінші мәселе мүлікті тәркілеудің мақсаттарымен байланысты. Отандық қылмыстық-құқықтық әдебиет беттерінде мүлікті тәркілеудің мақсаттары арнайы қарастырылмайды. Себебі мүлікті тәркілеу жаза түрі болғандықтан, ол жаза діндеген мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылады деп саналады. Дегенмен, арнайы тәркілеу мен жазадан өзге қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолданылған мүлікті тәркілеу қандай мақсат көздейді деген орынды сауал туындайды.

В.А. Канубриков қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шара болып табылатын мүлікті тәркілеу мына мақсаттарда қолданылады деп санайды:

- әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Бұл мақсат кінәлі адамның заңсыз жолмен тапқан немесе заңсыз жолмен табылған қаражаттан түскен мүлік мен қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болған мүлкін алып қою жолымен жүзеге асырылады;

- жаңа қылмыс жасаудың алдын алу. Бұл мақсатты ғалым жазадан қорқып, жаңа қылмыс жасаудан тайсалу деген мағынада емес, қылмыскерді қылмыстық жолмен табылған мүлікті жаңа қылмыстар жасау үшін пайдалану мүмкіндігінен айыру мағынасында түсіну керек деп санайды;

- келтірілген залалдың орнын толтыру [3]. РФ Қылмыстық кодексінің 104.3-бабына сай тәркіленген мүліктің құнынан алдымен оның заңды иесіне келтірілген залалдың орны толтырылады, ал қалған бөлігі мемлекеттің пайдасына айналдырылады.

Ғалым пікірінің жаны бар болғанымен, онымен толық келісу қиын. Біріншіден, заңсыз жолмен тапқан немесе заңсыз жолмен табылған қаражаттан түскен мүлік пен қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болған мүлікті алып қою жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мақсатына жетудің құралы болып табылады. Екіншіден, біздің заңнамада да тәркіленген мүлік есебінен жәбірленушілердің мүліктік талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігі көзделген: ҚР ҚК 48-баб. 2-бөл. 1-тармағында «заңды иесіне қай-

тарылуға жататын мүлік және одан түскен табыстар» тәркіленетін мүліктің қатарына қосылмайтыны жайлы айтылады. Бұл заңнамалық ереже әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатына жауап береді.

Біздің ойымызша, қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының барлығының дiттеген мақсаты бiр болуы керек. Дегенмен, жазадан өзге қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретiнде қолданылған мүлiктi тәркiлеу мен арнайы тәркiлеуге жазалаушылық қасиет тән болмағандықтан, олар әлеуметтік әдiлеттiлiктi қалпына келтiру, жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың алдын алу мақсаттарына қол жеткiзу құралы болып табылады.

Екiншi мәселе – қарастырылып отырған жаза түрiнiң заңнамалық анықтамасында мүлiктi тәркiлеудi қолданудың негiзiнiң аталмауы. М.А.Алисултанов заңнамалық анықтамада мүлiктi тәркiлеудiң негiзi ретiнде «соттың заңды күшiне енген айыптау үкiмiн» атау керек деп санайды [4; 119]. Жазаның «сот үкiмi бойынша тағайындалатыны» жайлы ҚР ҚК 39-бабында айтылған. Олай болса, кез келген жаза түрi соттың заңды күшiне енген айыптау үкiмiнiң негiзiнде қолданылады. Алайда, мүлiктi тәркiлеудi қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретiнде қолданудың негiзi туралы мәселе заңнамада шешiмiн табуы керек.

Үшiншi мәселе – жаңа қылмыстық заңнамада мүлiктi тәркiлеу жазасы тағайындалуы мүмкiн қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрi нақтыланбаған. Ресейлiк ғалымдар бұл заңнамалық шешiмге оң баға бередi. В.С. Минская мораль мен этика нормалары кез келген қылмысты жасау нәтижесiнде алынған мүлiктiң, оның iшiнде ақша мен өзге де құндылықтардың, мәжбүрлеп өтеусiз мемлекет пайдасына алынуын талап етедi деп санайды. Оның ойынша, заңнамада арнайы тiзiмнiң бекiтiлуi қылмыс жасауға бейiм адамдарды мүлiктi тәркiлеу көзделмеген қылмыстарды жасау жолымен баюға бағыттайды, осылайша бұл шараның алдын алушылық әлеуетiн төмендетедi [5; 32].

1997 жылғы ҚР ҚК бүгiн де күшi жүрiп тұрған 51-бабы мүлiктi тәркiлеудi тек қана Ерекше бөлiмнiң тиiстi бабында арнайы көзделген жағдайларда тағайындауға рұқсат етедi. Жаңа қылмыстық заңнамада мүлiктi тәркiлеу жазасын қандай жағдайларда тағайындауға болатыны нақты айтылмаған. ҚР Жоғарғы Соты «мүлiктi тәркiлеу сотталушыны кiнәлi деп таныған ҚР ҚК бабының санкциясында қосымша жаза ретiнде көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкiн» [6] деген түсiнiктеме бередi.

Бiздiң ойымызша, Жоғарғы Соттың ұстанымы заңға қайшы келедi және жаңартылған мүлiктi тәркiлеу жазасының мәнiн ескермейдi. Тәркiлеу объектiсi қылмыстық жолмен алынған табыстар және қылмыс жасау қаруы немесе құралдары ғана болған тұста сот мүлiктi тәркiлеу жазасын ҚК Ерекше бөлiмiнiң тиiстi бабында көзделмеген жағдайларда да тағайындай алады. Мүлiктi тәркiлеу жазасын тағайындау мүмкiндiгi мәселесiнде екiұштылыққа жол бермеу үшiн 2014 жылғы ҚР ҚК 48-бабын «Заңсыз жолмен мүлiк табумен ұштасқан қылмыстық құқық бұзушылықтар және (немесе) қару немесе құрал қолданумен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшiн жаза тағайындағанда сот аталған мүлiктi тәркiлеу туралы мәселенi мiндеттi түрде қарастыруға тиiс» деген мазмұндағы бөлiкпен толықтыру қажет деп санаймыз. Бұл ереже заңшығарушыны ҚК Ерекше бөлiмi баптарында мүлiктi тәркiлеу жазасын арнайы көздеу мiндетiнен мүлде босатқан болар едi.

Төртiншi мәселе – жаңа қылмыстық заңнамада сотталған адам басқа адамдардың меншiгiне берiп қойған мүлiктi тәркiлеу мүмкiндiгi көзделмеген. 2014 жылғы ҚР ҚК 48-б. 1-бөлiгiне сай заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлiк «сотталған адамның меншiгiнде» болуы керек. Ал тергеу және сот тәжiрибесi көрсетiп отырғандай, қылмыскерлер өз мүлкiн күнi бұрын туыстарының немесе өзге тұлғалардың атына рәсiмдеп қояды. Жаңа қылмыстық заңнама осындай мүлiктi тәркiлеудiң құқықтық негiзiн жояды.

Бұл мәселедегi шетел тәжiрибесiне жүгiнсек, заңнамада сотталған адамдардың бақылауындағы немесе басқа тұлғалардың (жеке немесе заңды) меншiгiне берiп қойған мүлкiн де тәркiлеу мүмкiндiгi көзделедi. Мысалы, Таиланд Қылмыстық кодексiнiң 32-бабында «қылмыскерге тиесiлi болып-болмауына, оның жаза өтеп-өтемегенiне қарамастан, қылмыстық жолмен табылған кез келген мүлiк толығымен тәркiленуi тиiс» деген ереже тұжырымдалған.

Осыған орай мүлiктi тәркiлеудiң анықтамасында сотталған адамның «меншiгi» деген терминдi қолданудың орындылығы да күмән туғызады. Азаматтық заңнамаға сай тәркiлеу меншiк құқығын тоқтату негiздерiнiң бiрi болып табылады (ҚР АҚ 254-бабы). Ал «заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлiк» айыптыға меншiк құқығында тиесiлi болуы мүмкiн емес. Демек, заңшығарушы мүлiктi алып қоюдың қарастырылып отырған түрiн сипаттағанда «меншiк» ұғымын қолдана алмайды. Сондай-ақ ҚР ҚК

48-баб. 1-бөлігінде тәркілеу затының «мемлекеттің меншігіне айналдырылатыны» жайлы айтылады. Ал заңсыз жолмен табылған мүліктің немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болған мүліктің бірқатары айналымнан алынған заттар (мысалы, контрафактілік өнім, жасанды ақша, есірткі және т.б.) болуы мүмкін. Бұл заттар мемлекеттің де меншігінде бола алмайды. Демек, оларды мемлекет меншігіне айналдыру туралы айту да қисынсыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 2014 жылғы ҚР ҚК 48-бабының 1-бөлігін мына редакцияда жазу керек деп санаймыз: Мүлікті тәркілеу дегеніміз – сотталған адамның меншігіндегі, бақылауындағы немесе басқа тұлғалардың (жеке немесе заңды) меншігіне беріп қойған заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және жою немесе мемлекеттің меншігіне айналдыру.

1997 жылғы ҚР ҚК бойынша сотталған адам басқа адамдардың меншігіне беріп қой-

ған мүлікті тәркілеу ережесі тек қана сыбайлас жемқорлық қылмыстарға, ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрамында жасалған қылмыстарға, қылмыстық жолмен табылған табыстарды заңдастыруға және террористік қылмыстарға жүреді. Жаңа заңнама бойынша тек қана заңсыз жолмен табылған мүлік тәркіленетіндіктен, бұл ереженің күші жүретін қылмыстық құқық бұзушылық түрлерін арнайы атау қажеттігі жоқ.

Қазақстанның құқықтық жүйесінде мүлікті тәркілеу шарасының (жаза немесе қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы) қолданылуын қамтамасыз ету, тағайындау және орындау мәселелері түрлі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Мүлікті тәркілеудің салааралық тетігі қоғамның құқықтық қорғалу деңгейін арттырғанымен, белгілі бір дәрежеде бұл шараның мазмұнын ұғыну мен жүзеге асыруды қиындатады. Сол себепті мүлікті тәркілеудің дұрыс қолданылуы материалдық және процестік қылмыстық құқық салаларының өзара үйлесімділігіне, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің заңдарды кешенді түрде қолдана алу қабілетіне және біліктілігіне тәуелді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аналитическая справка об отправлении правосудия по уголовным делам судами республики за 2014 год. // URL: <http://sud.gov.kz/rus/content/za-2015-god>.
2. Гражданский кодекс РФ. Часть вторая. Комментарий // Под ред. Т.Е.Абовой, А.Ю.Кабалкина. — М., 2010.
3. Канубриков В.А. Принцип законности и конфискация имущества как средство предупреждения преступлений // URL: <http://www.gramota.net/materials/3/2011/6-1/>.
4. Алисултанов М.А. Проблемы уголовно-правовой регламентации оснований конфискации имущества и процессуального статуса лица, в отношении которого она назначается. // Общество и право. — 2010. - №2(29). — С.117-120.
5. Минская В.С. Законодательная регламентация и порядок применения конфискации имущества // Вестник Академии Генеральной прокуратуры РФ. — 2008. - №5(7). — С. 30-34.
6. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы. // URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>.